

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : «Бөбек лүпілі» жекеменшік балабақшасы

Топ: ересек Балауса

Балалардың жасы: 4 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 25.09 - 29.09.2023ж.

Педагогтың аты-жөні: Бекишева М.А.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ұйымдастырылған іс-әрекетке әр баланың дайындығы және оған керекті заттар туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларды жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды	"Біздің шкафта тәртіп бар". Мақсат-міндеттері. Балаларға сыртқа киімдерін қоятын шкафта тәртіп сақтауды үйрету. (дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)	"Асханада кезекшілік атқару". Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін	"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балаларға жеке киім шкафтарында

	және оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарау, бірге жұмыс істеу, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)		кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтаудағы ретсіздікті көре білу. (еңбек дағдылары, сөйлеуді дамыту)	және ұқыптылыққа үйрену. Еңбекке баулу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді ұқыпты түрде бүктеп жинау. Еңбекқорлыққа, тәртіпті көре білуге тәрбиелеу. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)
	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балалардың паритоттық сезімдерін оятады. (музыка) Құрылыс ойындары "Жануарларға арналған балабақша",	Дидактикалық ойын. «Қасқырдан құтқар». Мақсат-міндеттері. Тіл байлықтарын арттыру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Балалардың назарын үстел үстіндегі ойыншықтарға (үй жануарлары мен	«Ғажайып қоржын» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттардың атауларын жалпылауды, заттарды бір-бірінен ажыратуды үйрету. Ойынның шарты. Ғажайып қоржынның ішінде бірнеше заттар бар:	Дидактикалық ойын. "Ғажайып нүктелер". «Ғажайып нүктелер» арқылы қарлығаштың суретін салады. Нүктелерді өзара қосып, қарлығаштың суретін шығарады. (сурет салу, сөйлеуді дамыту)	Суреттерді бояу Суреттерді бояу, беттерін де бояу. Мақсат-міндеттері. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. (сурет салу, сөйлеуді дамыту, жапсыру) Дидактикалық ойын: «Сен жасыр,

	"Қуыршақтарға арналған үй". Мақсат-міндеттері. Ағаштардан үй құрылысын жасауды үйрету. Тиянақтылыққа дағдыландыру. (құрастыру)	қасқырдың ойыншығына) аударады. Әр үй жануарын қасқырдан құтқару үшін ол туралы өлең, жұмбақ, жаңылтпаш айту керектігін түсіндіреді. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу) Сөздік ойын: «Кім тапқыр?» Міндеттер: Берілген дыбыстың орнын таба білуге машықтанады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	ойыншықтар, оқу құралдары. Сол заттардың ішінен оқу құралдарын бір бөлек, ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек. Оқу құралдары мен ойыншықтарды бөлек жинайды. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу) Санамақ Міндеттер: Балалар оңай санау әдісін меңгереді. Қалмау үшін ашығып Қысқы азығын кеш қамдап, Қамбасына тасыды БІР, ЕКІ, ҮШ, ТӨРТ,	Дидактикалық ойын: «Әдептілік әліппесі». Міндеттер: Сурет көрсете отырып, өз-өзін тәрбиелеуге үйренеді. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, қазақ тілі)	біз табамыз» Міндеттер: Балалардың логикалық ойлау қабілеті дамиды. (танымдық дағдылар)
--	--	---	---	--	--

			БЕС жаңғақ. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)		
Ертеңгілік жаттығу	1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол кеуде тұсында. 2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады. 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 3.1. Орындарында тұрып, бастарын оңға және солға бұрады. 3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол кеуде тұсында. 4.1. Қолдарын жандарына созады. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 6 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 5.1. Қолдарын жандарында ұстап, бір орында тұрып, пингвин сияқты айналу. 5.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)				
Таңғы ас	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Ас ішуге тұрайық, Қолымызды жуайық. Сабын мен суды аямай, Тазалықты сақтайық. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Қылқалам ханшасы». Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да! Шеңберге жиналып тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. ҚР Президенті, ҚР Рәміздері жайлы әңгімелесу. ҚР Өнұранын шырқау. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, музыка)	«Тілек тілеу». Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! (Шеңбер құрып тұрады, тақпақты қайталайды). (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу) Күз ерекшеліктері жайлы әңгімелесу.	Сәлем, саған, ыстық жерім! Сәлем, саған, туыс елім! Ыстық маған ошақ үйім, Домбыраның қоңыр күйі! (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу) Бір-біріне жылулық сыйлап, достық, топтың ережесі туралы әңгімелесу.	Қайырлы таң, Алтын күн! Қайырлы таң, Жер-Ана! Аман болсын, достарым, Аман болсын, ата-анам! (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, сурет салу) Алтын күз жайлы әңгімелесу.	Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі, Барлық бала саяласын. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу) Жапырақтар туралы әңгімелесу.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған	Дене шынықтыру "Кедергіден өту амалдары". Мақсат-міндеттері.	Қазақ тілі "Қазақстан - менің Отаным. Қазақстан Республикасының	Дене шынықтыру "Кедергілерден өту ойындары". Мақсат-міндеттері.	Музыка "Күн дидарлы Қазақстан". Мақсат-міндеттері.	Дене шынықтыру "Саршұнақтай жылдам болайық". Мақсат-міндеттері.

іс-әрекет	Балаларға бір орында тұрып секіру; допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алуды (1,5 м қашықтықта) үйрету.	Мемлекеттік рәміздері". Мақсат-міндеттері. Балалардың Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Отан туралы түсініктерін дамыту; Қазақстан туралы өлеңмен таныстыру; кіші отан туралы түсініктерінің қалыптасуына ықпал ету. Мнемокарточкалар негізінде сөздік жұмыс "Қазақстан жайында...". Музыка "Күздің ғажайып құбылыстары". Мақсат-міндеттері. Балаларға әнді тыңдай отырып, мағынасын түсінуді	Балаларға тізені жоғары көтеріп жүгіруді үйрету.	Балалардың ән айтуға қызығушылықтарын арттыру; баяу және көңілді әндерді ажырата білуге үйрету.	Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру.
-----------	--	---	--	---	--

		және ырғақты айыруды үйрету.			
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Қылқанжапырақты ағаштарды бақылау (шырша, қарағай) (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Қысы-жазы бір түсте. (Шырша) Бақылау: балабақша алаңында өсетін қылқанжапырақты ағаштарды тану (2 түрі, қылқанжапырақты қарағай және шырша). Сыртқы бейнелеріне қарап: қарағайдың ұзын инелері бар, шыршаларға қарағанда ашық	Бұтақтарды бақылау (итмұрын, мамыргүл (сирень), кара жемісті шетен, мойыл). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Өсімдіктің тікенегіне байланысты аталған. Жемісін жұлып алсаң, оның тікені қолыңа кіреді. (Итмұрын.) Одан көз ашиды, жапырақтары өткір, түсі шұбар. (Шетен ағашы.) Бақылау: сыртқы белгілерге қарап бұталардың 2-3 түрін танып білу; оларды	Жеміс ағаштарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Тақпақ. Жеміс біткен бау-бақша, Жемін жайды жан-жаққа. Бақта құстар сайрады, Құйқылжытып сан-саққа. Қолға ап бақша құралын, Суды атызға бұрамын. Ағаш түбін қопсытып. Арам шөпті жұламын. Бақылау: балаларға	Торғайды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, математика негіздері, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Мақсат-міндеттері. Торғайдың тіршілік етуінің ерекшеліктері, өмір көріністері туралы білімді тереңдету; балалардың назары мен жадын белсендіру. Бақылау барысы: - Торғай қандай? - Ол немен қоректенеді? - Қалай ән айтады?	Балаларды серуенге ынталандыру: серуенге керекті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Бақылау: күздің алғашқы өзгерістері және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және

	түсті; шыршаның инелері қысқа және қою жасыл түсті. Табиғатқа сүйіспеншілікті арттыру. Қимылды ойын. «Бос орын». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Жүгіру, жүру, секіру сияқты жаттығуларды бекіту, түрлі қимыл-қозғалыстарын үйлесімді орындау. Табиғат бұрышының мекендеушілерін қоректендіру. Өз бетімен ойналатын ойындар: өз бетінше ойнауға тәрбиелеу.	ағаштардан айыру. Табиғаттың әдемілігіне сүйсінуге тәрбиелеу. Қимылды ойын. «Белгіні тыңда». Мақсат-міндеттері. Ойын ережелеріне бағынуды, дұрыс жауап беруді үйрету. (дене шынықтыру) Еңбек: ағаштардың түбін қопсыту. Жолдастары мен ересектерге көмек көрсетуге тәрбиелеу. Өз бетімен ойналатын ойындар. «Қайық ойыны». 2-3 рөлді қосатын бірлескен ойындарға қатысу, бір-бірімен өзара әрекеттесуді дамыту. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен	ағаштардың түстерінің өзгеруін, өсуін көру, жемісін бақылау (ранетки). Жасыл, піспеген жемісті жеуге болмайтынын, піскен жемісті ғана жеу керектігін түсіндіру. Қимылды ойындар. «Қоян мен қасқыр». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Мәтіннің мағынасына сәйкес әрекетті жасау білімділігін бекіту, ойынды дабылдың қағысымен бастау. Алаңның бойымен қозғалу. Еңбек: «Құм салғыштан шашылған құмды жинастыру». Топ алаңындағы құмды өз ынтасымен жинастыруды	Торғай - кішкентай құс. Торғайдың артқы жағы қоңыр, қара жолақтары бар. Құйрығы мен қанаттары қара, қоңыр, иек пен тамағы қара, бірақ басының түсі сұр. Торғай - епті құс, ол бұтақтан-бұтаққа қорықпай секіреді, ол дөңдер мен тұқымдарды шоқып жейді. Ол барлық жерде адамның әдеттеріне жақсы бейімделеді. Торғай "шиқ-шиқ" деп ән салады. Еңбек: балабақша бақшасындағы арамшөпті жұлуға үйретіп, арамшөптердің түріне қарай ажырата білу қабілетін бекіту. Өз бетімен	жаңбырлы күндер – сұр бұлттар, бұлыңғыр аспан, бұлттың көшуі, күн көзінің сирек шығуы, жапырақтартардың сарғайып жерге түсуі. Табиғатты сүйуге баулу. Қимылды ойын. «Қыз қуу» (қазақ халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру) Балаларды ойын ережелерін сақтауды үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-біріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару. Еңбек: гүлдерден гүлшоғын жасау. Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу. Өз бетімен
--	---	---	--	---	---

		танысу, құрастыру, жапсыру)	үйрету; тазалық сақтау және заттарды жинастыруды әдетке айналдыру. Өз бетімен ойналатын ойындар: тақырып бойынша берілген ойынды жүргізу. Шығармашылық сезімдерін ояту. Ұстамдылығы мен ойынға қызығушылығын дамыту. Жемістер мен көгөністер туралы білімдерін бекіту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)	ойналатын ойындар: қозғалыс бағытын өзгерте отырып, белгі бойынша жылдам қозғалуды үйрету. "Допты ұста" ойыны. Мақсат-міндеттері. Допты екі қолмен лақтыру және ұстау дағдыларын бекітуді жалғастырыңыз. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)	ойналатын ойындар: «Сүйікті ойыншықтармен ойнау». Қуанышты жағдайларға қол жеткізуге жағдай жасап, әр баланың өзінің қызықты ісімен айналысуына жағдай жасау. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, құрастыру, жапсыру, мүсіндеу, музыка, математика негіздері)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес				

	әрекет)				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. «Үш аю» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды. (музыка)	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастырады. «Жеті лақ» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды біледі. «Бауырсақ» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сюжеттік-рөлді ойын. «Шаштараз». Мақсат-міндеттері. Балаларды шаштараз ойынымен таныстыру, шаштарын үнемі тарақпен тарап, әдеміленіп жүруді үйрету. Шаш өрудің әртүрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке,	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу. "Менің өлкем". Мақсат-міндеттері. Балаларды Қабдыкәрім Ыдырысовтың «Менің өлкем» өлеңнің мазмұнымен таныстыру; өлең жолдарындағы көркем сөз	Сурет салудан ойын-жаттығу Тақырыбы: Ыдыстар. Мақсат-міндеттері. Балаларды акварель бояуларымен таныстыруды жалғастыру, акварель бояуын суға езу, бояуды қылқаламмен араластырып қоюландыру тәсілін	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу. "Қыран". Мақсат-міндеттері. Балаларды қыранның сыртқы бейнесімен таныстыру; қыранды тануды, оның тіршілік етуіне қызығушылықты дамыту.	Вариативті компонент. Математика негіздері "Үш марғау" Мақсат-міндеттер: балаларды 3 санының жасалуымен және 3 цифрымен таныстыру; бірнеше заттар тобын салыстыра білуге,

	әдемілікке тәрбиелеу. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	атауларын шынайы айтуға жаттықтыру. "Жүгіріп қағып ал" қимылды ойыны. Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы жақта тұрады (қашықтығы 1,5-2 м). Тәрбиеші «Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, ең жылдам бала қағып алсын!» - деп допты лақтырады да, өзі қағып алып: «Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер,» - дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың қағып алуына	қалыптастыру; қылқаламмен шеңбер және жарты шеңбер пішіндерін бір-бірінің қасына салып, табақша мен шыны-аяқ суреттерін бір сюжетке біріктіруді үйрету. Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?" Мақсат-міндеттері. Сөйлеуді дамыту, іс-әрекетті сөзбен түсіндіруді үйрету. Дидактикалық ойын. "Басқаша айт". Мақсат-міндеттері. Жалпылама ұғымдарды бекіту (педагог балаға допты лақтырып, жалпылауыш сөзді атайды, бала допты кері лақтырады және	Дидактикалық ойын: "Қыранды тап". Мақсат-міндеттері. Құстардың бірнеше бөлікке бөлінген суреттерінен қыранды білдіретін суретті табуды үйрету. Зейін, байқампаздық қабілеттерін дамыту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Театрды сахналау. "Қызыл телпек" ертегі желісін маскамен сахналау. Мақсат-міндеттері. Сөйлеуді, еске сақтауды, қиялды дамыту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)	үлкен санды атай алуға жаттықтыру; "Барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету. «Балықшы». Мақсат-міндеттері. Білімдерін тиянақтау, ойлау қабілетін дамыту. Көрнекіліктер: аквариум суреті, балықтар. Ойынның барысы: балалар суреттегі аквариумнан балықтарды аулап алады да, балықтың түсін айтады. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
--	---	--	---	--	---

		мүмкіндік жасап жүреді. Қалған балалар соңынан еріп жүреді. (дене шынықтыру)	жалпылама ұғымға жататын сөздің нақты атауын атайды: ойыншық - қуыршақ (аю, доп, қоян, трактор), жиһаз - үстел (орындық, шкаф, сөре), киім - көйлек (жейде, шалбар, күртеше), аспап - домбыра (сырнай, сыбызғы, қобыз). (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)		
Балалармен жеке жұмыс	«Әдемі кілемшелер». Мақсат-міндеттері. Бөліктерден кілемше жасауды үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынның құрал-	Жаңылтпаш жаттайық. 1) Доп деп, Дөп теп. 2) Қапыда ит қапты, Қатты қапты, Қапты қатты. 3) Қырқада қырық арқар бар. Қырық арқарда ақ	"Жомарт күз" Мақсат-міндеттері. Жомарт күз тақырыбында суретке қарап әңгіме құрастыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	Артикуляциялық жаттығу. 1) Ара болсаң, ызында З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж Жұмыс істе, тығылма. - Ара қалай дыбыстайды?	Кел, санайық 1-ден 5-ке дейін және кері санауды бекіту. Геометриялық денелерді дұрыс атап, бір-бірінен ажыратуды үйрету. (математика негіздер)

	жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, әдемі құрақ құрайды. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, жапсыру)	арқар бар. Алты арқарда марка арқар бар. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)		(3- 3-3) - қатты\жай 2) «Зе-зе-зе, зе-зе-зе – бұл шынылы терезе», «За-за-за, за-за-за – үйдің іші тап-таза», «Зу-зу-зу, зу-зу-зу – күрекпен жерді қазу», «Са-са-са, са-са-са – ызындайды маса. (сөйлеуді дамыту)	BilimKids мультфильмін көрсетіп пысықтау. Бес балапан (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, математика негіздері)
Серуенге дайындық	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафаға киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Серуенге қызығушылықтарын ояту. "Алтын күз" тақырыбында жеке әңгімелесулер. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Балаларға киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Театрлық қойылымдар. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу, музыка, дене шынықтыру, сурет салу, құрастыру)				

кітаптарды қарау және басқалар)	Өнер бұрышында қалаларды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Еркін ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Жеке бас тазалығынң негізгі ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарында әңгіме жүргізу.	«Отбасымен бірге серуенге шығу» тақырыбында көрме ұйымдастыру.	Жоба: "Жомарт күз" тақырыбында көрме ұйымдастыру.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	"Баланың серуенін қалай ұйымдастырамыз?" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру.